

Қазақстан Республикасы Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі агенттігінің мәселелері

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 6 мамырдағы N 677 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 7 маусымдағы № 753 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.06.07 № 753 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі агенттігін құру туралы" 2000 жылғы 17 ақпандағы N 345 U000345_ Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1 - 4 .

Ескерту. 1-4-тармақтар күшін жойды - ҚР Үкіметінің 2001.01.30. N 151 қаулысымен. P 0 1 0 1 5 1 _

5. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдеріне есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, прекурсорлардың заңсыз айналымына және оларды теріс пайдалануға қарсы күресті үйлестіру үшін нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі аймақтық комиссияларды құру ұ с ы н ы л с ы н .

6. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

1) "Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 5 желтоқсандағы N 1367 қаулысына және Премьер-Министрдің 1994 жылғы 26 желтоқсандағы N 520 өкіміне өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 3 сәуірдегі N 390 қаулысына:

үшінші абзацтағы "Қазақстан Республикасының Есірткі заттарға бақылау

жасау жөніндегі мемлекеттік комиссиясының құрамына (2-қосымша) және" деген

сөздер алынып тасталсын;

2) "Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2201 қаулысын жүзеге асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 1894

Р 9 5 1 8 9 4 _

қаулысына (Қазақстан
Республикасының ПҮКЖ-ы, 1995 ж., N 41, 515-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Лицензиялауға жататын қызметтің түрлеріне лицензиялар беруге өкілеттік берілген мемлекеттік органдардың (лицензиарлардың) тізбесі мынадай мазмұндағы 38-реттік нөмірмен толықтырылсын:

"38 Қазақстан Республикасының Есірткі құралдарының,
Нашақорлыққа және есірткі психотроптық заттардың
бизнесіне қарсы күрес және прекурсорлардың
жөніндегі агенттігі айналымына байланысты
қызмет"

7. 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

8.

Ескерту. 8-тармақ күшін жойды - ҚР Үкіметінің 2001.01.30. N 151 қаулысымен.

Р 0 1 0 1 5 1 _

9. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2000 жылғы 6 мамырдағы
N 677 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Нашақорлыққа және есірткі
бизнесіне қарсы күрес жөніндегі агенттігі туралы
ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі агенттігі (бұдан әрі - Агенттік) Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрамына кірмейтін, есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, прекурсорлардың айналымы және олардың заңсыз айналымы мен оларды теріс пайдалануға қарсы іс-әрекет саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыратын және іске асыратын, аталған салада басшылықты, сондай-ақ арнаулы атқарушылық, рұқсат ету функцияларын, салааралық үйлестіру мен халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыратын орталық атқарушы орган болып табылады.

2. Агенттік өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің кесімдеріне, өзге де нормативтік құқықтық кесімдерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Агенттік мемлекеттік мекеменің ұйымдастырушылық құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы жазылған мөрлері мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ заңнамаға сәйкес банктерде шоттары болады.

Агенттік азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

Агенттіктің, егер оған заңнамаға сәйкес уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарабы болуға құқығы бар.

4. Агенттік өз құзыретіндегі мәселелер бойынша Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында міндетті күші болатын бұйрықтармен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

5. Агенттіктің Ережесін және штат санының лимитін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді Агенттіктің құрылымын Агенттіктің төрағасы бекітеді.

6. Агенттіктің заңды мекен-жайы:

473000, Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 10.

7. Агенттіктің толық атауы - "Қазақстан Республикасының Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі агенттігі" мемлекеттік мекемесі.

8. Осы Ереже Агенттіктің құрылтай құжаты болып табылады.

9. Агенттіктің қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттің қаражаты есебінен ғана жүзеге асырылады. Агенттікке өзінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында кәсіпкерлік субъектілерімен шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

2. Агенттіктің негізгі міндеттері, функциялары және құқықтары

10. Агенттіктің негізгі міндеттері:

- 1) есірткі құралдарының, психотроптық заттардың және прекурсорлардың айналымы саласындағы қызметті мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;
- 2) есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, прекурсорлардың айналымы және олардың заңсыз айналымы мен оларды теріс пайдалануға қарсы іс-әрекет саласында мемлекеттік саясатты қалыптастыру және жүзеге асыру;
- 3) мемлекеттік органдардың және өзге де ұйымдардың есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, прекурсорлардың айналымы саласындағы қызметін ведомствоаралық үйлестіру;
- 4) есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, прекурсорлардың айналымы және олардың заңсыз айналымы мен оларды теріс пайдалануға қарсы іс-әрекет саласындағы халықаралық ынтымақтастықты үйлестіру, сондай-ақ жүзеге асыру;
- 5) есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, прекурсорлардың айналымы және олардың заңсыз айналымы мен оларды теріс пайдалануға қарсы іс-әрекет саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асыру үшін инвестициялар мен өзге де техникалық көмектерді тартуға қатысу;
- 6) есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, прекурсорлардың айналымы және олардың заңсыз айналымы мен оларды теріс пайдалануға қарсы іс-әрекет саласына қатысатын заңды тұлғалардың қызметінің тәртібін реттейтін заң және өзге де нормативтік құқықтық кесімдерді әзірлеу болып табылады.

11. Агенттік заңнамада белгіленген тәртіппен және өз құзыретінің шегінде мынадай функцияларды жүзеге асырады:

- 1) өз құзыретінің аясында барлық мемлекеттік органдар мен меншік нысандарына қарамастан ұйымдардың қызметін мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;
- 2) есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, прекурсорлардың айналымы саласындағы қызметтердің барлық түрлерін лицензиялауды бақылайды және жүзеге асырады, сондай-ақ экспорттық және импорттық операциялар туралы шешімдерді келіседі;
- 3) мемлекеттік органдардың және өзге де ұйымдардың есірткі құралдарының, психотроптық заттардың және прекурсорлардың айналымы және олардың заңсыз айналымы мен оларды теріс пайдалануға қарсы іс-әрекет саласындағы қызметінің нәтижелерін талдайды және оларды жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізеді;
- 4) құзыретті және өзге де мемлекеттік органдармен бірлесіп есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, прекурсорлардың айналымы және

олардың заңсыз айналымы мен оларды теріс пайдалануға қарсы іс-әрекет саласындағы реформалаудың негізгі бағыттарын әзірлейді;

5) есірткі құралдары мен психотроптық заттардың тізімдері мен жіктелулерінде аталған өсімдіктерді, заттарды және препараттарды өсіруге, өндіруге, дайындауға, олардың көтерме және халықаралық саудасына, бөлуге, зерттеуге; есірткі құралдары мен психотроптық заттардың бөлшек саудасы мен бөлінуіне; есірткі құралдары мен психотроптық заттарды, шикізаттарды, материалдарды және оларды дайындауға арналған жабдықтарды сақтауға; прекурсорларды өндіруге, дайындауға, олардың көтерме және халықаралық саудасы мен бөлінуіне қолданылатын ережелер мен нормаларды және басқа да ережелер мен нормаларды әзірлейді;

6) есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, прекурсорлардың айналымы және олардың заңсыз айналымы мен оларды теріс пайдалануға қарсы іс-әрекет саласына түсетін техникалық көмектер мен инвестициялардың мақсатты пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырады;

7) құзыретті және өзге де мемлекеттік органдармен бірлесіп есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, прекурсорлардың айналымы және олардың заңсыз айналымы мен оларды теріс пайдалануға қарсы іс-әрекет саласында мемлекеттік саясат пен стратегияны қалыптастырады және іске асырады;

8) тиісті мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіру арқылы нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің стратегиялары мен мемлекеттік бағдарламаларын іске асыруды қамтамасыз етеді;

9) Қазақстан Республикасының құзыретті мемлекеттік органдарымен бірлесіп есірткі құралдарының, психотроптық заттардың және прекурсорлардың айналымының барлық түрлерінің ауқымын болжайды;

10) құзыретті мемлекеттік органдармен бірлесіп мемлекеттің есірткі құралдарына, психотроптық заттарға және прекурсорларға деген сұранысының нормаларын айқындайды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметіне Біріккен Ұлттар Ұйымының Есірткіні бақылау жөніндегі халықаралық комитеті Қазақстан Республикасына арналған халықаралық квоталарды бекітуі үшін мемлекеттің есірткі құралдарына, психотроптық заттарға сұранысының нормалары жөнінде ұсыныстар табыс етеді;

11) Қазақстан Республикасында нашақорлық жағдайының дамуының жай-күйі мен тенденцияларын талдайды, нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес саласындағы стратегиялар мен мемлекеттік бағдарламалардың іске асырылуы барысы туралы ақпараттық-талдаулық материалдарды дайындайды;

12) мемлекеттік органдардың есірткі құралдарының психотроптық заттардың, прекурсорлардың айналымы және олардың заңсыз айналымы мен оларды теріс

пайдалануға қарсы іс-әрекет саласындағы қызметін үйлестіреді;

13) мүдделі мемлекеттік органдардың арасында нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға арналған қаражатты бөлу жөнінде ұсыныс енгізеді, сондай-ақ Қазақстан Республикасы шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардан алатын қаржылық және өзге де техникалық көмекті бөледі;

14) нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі аймақтық комиссиялардың қызметін үйлестіруді, сондай-ақ олардың нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің аймақтық бағдарламаларын орындауын жүзеге асырады;

15) денсаулық сақтау органдарына нашақорлықпен және уытқұмарлықпен ауыратын адамдарға медициналық-әлеуметтік көмек көрсетуге және оны көрсету кезінде азаматтардың құқықтары мен бостандығы кепілдігінің қамтамасыз етілуіне жәрдемдеседі;

16) нашақорлықты емдеу, оңалту және оның алдын алу саласындағы қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік емес, қоғамдық ұйымдармен өзара іс-қимылды жүзеге асырады;

17) есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, прекурсорлардың айналымы және олардың заңсыз айналымы мен оларды теріс пайдалануға қарсы іс-әрекет саласындағы халықаралық ынтымақтастықты үйлестіреді және жүзеге асырады;

18) есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, прекурсорлардың айналымы және олардың заңсыз айналымы мен оларды теріс пайдалануға қарсы іс-әрекет саласындағы халықаралық шарттар мен келісімдердің жобаларын дайындауды жүзеге асырады және жасасады;

19) өз қызметінің аясында халықаралық ұйымдар мен Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттарды орындау жөнінде өзара іс-қимыл жүргізеді және ынтымақтастықта болады;

20) нашақорлыққа, есірткі бизнесіне қарсы күрестің халықаралық практикасын және есірткі құралдарының, психотроптық заттардың және прекурсорлардың айналымын мемлекеттік бақылаудың жүзеге асырылуын талдайды және қорытады;

21) ұсыныс енгізеді және есірткі құралдарының психотроптық заттардың, прекурсорлардың айналымы және олардың заңсыз айналымы мен оларды теріс пайдалануға қарсы іс-әрекет саласына инвестициялар мен техникалық көмектерді, оның ішінде халықаралық, тартуды жүзеге асырады;

22) есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, прекурсорлардың айналымы және олардың заңсыз айналымы мен оларды теріс пайдалануға қарсы іс-әрекет саласында заңнаманың қолданылуы практикасын талдайды және

қорытады, оны жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді және енгізеді;

23) есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, прекурсорлардың айналымы және олардың заңсыз айналымы мен оларды теріс пайдалануға қарсы іс-әрекет саласындағы нормативтік құқықтық кесімдердің, оның ішінде стратегиялардың, мемлекеттік бағдарламалардың жобаларын әзірлейді және енгізеді, сондай-ақ Қазақстан Республикасында бақылауға жататын есірткі құралдарының, психотроптық заттардың және прекурсорлардың тізімі мен заңсыз сақтауда немесе айналымда аңғарылған Есірткі құралдарын, психотроптық заттарды шағын, ірі, өте ірі мөлшерлерге жатқызу туралы жиынтық кестеге өзгерістер мен толықтырулар жөнінде ұсыныстар енгізеді;

24) құзыретті және өзге де мемлекеттік органдармен бірлесіп есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, прекурсорлардың айналымы және олардың заңсыз айналымы мен оларды теріс пайдалануға қарсы іс-әрекет саласындағы жұмыстар үшін мамандарды, сондай-ақ ескерту іс-шараларын, алдын алуды, есірткі құралдары мен психотроптық заттарды пайдаланатын және пайдалануға бейім адамдарды, бірінші кезекте кәмелетке толмағандар мен жастарды емдеуді, әлеуметтік оңалтуды ұйымдастыру мәселелерімен айналысатын мамандарды оқытуды, даярлауды, қайта даярлауды, олардың тағлымдамадан өтуін және біліктілігін арттыруды ұйымдастырады және үйлестіреді;

25) қоғамның нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күресуде топтасуы жөніндегі жұмысты ұйымдастырады және үйлестіреді, қоғамның құқықтық мәдениетін арттыру жөніндегі шараларды жүзеге асырады;

26) құзыретті мемлекеттік органдармен бірлесіп есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, прекурсорлардың айналымы және олардың заңсыз айналымы мен оларды теріс пайдалануға қарсы іс-әрекет саласындағы ғылыми зерттеулерді үйлестіреді;

27) республикалық бюджеттің жобасын әзірлеу кезінде және индикативтік жоспарлау бойынша Агенттікке жүктелген міндеттердің жүзеге асырылуы және тиісті мемлекеттік бағдарламалардың орындалуы үшін қажетті бюджеттік қаражаттарды бөлу туралы ұсыныс енгізеді;

28) өзіне заңнамада жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

12. Агенттіктің өзіне жүктелген міндеттерді іске асыруы және өз функцияларын жүзеге асыруы үшін заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) нормативтік құқықтық кесімдерді, оның ішінде нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің стратегиялары мен мемлекеттік бағдарламаларын әзірлеу, түзету және іске асыру жөніндегі ұсыныс енгізуге;

2) қоғамдық ұйымдармен өзара іс-қимылда стратегияларды, мемлекеттік және өзге де бағдарламаларды іске асыру жөніндегі ведомствоаралық және

аймақаралық үйлестіруді жүзеге асыруға;

3) мемлекеттік органдардан, лауазымды тұлғалардан және ұйымдардан өзінің құзыретіне жататын мәселелер бойынша ақпарат пен материалдар сұратуға және а л у ғ а ;

4) мемлекеттік органдардың өзінің құзыретіне жататын мәселелер бойынша есептілігінің нысандары мен мерзімдерін белгілеуге;

5) өз құзыретінің шегінде халықаралық ұйымдармен және шетелдік заңды тұлғалармен келіссөздер жүргізуге және келісімдер жасасуға;

6) Агенттіктің жанынан консультативтік-кеңесші органдар, комиссиялар және жұмыс топтарын құруға, сондай-ақ нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күресті жетілдіру, есірткі құралдарының, психотроптық заттардың және прекурсорлардың айналымына тиімді мемлекеттік бақылау орнату жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу үшін ғалымдар мен мамандарды, оның ішінде шетелдік, т а р т у ғ а ;

7) мемлекеттік органдар, сондай-ақ есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, прекурсорлардың айналымы және олардың заңсыз айналымы мен оларды теріс пайдалануға қарсы іс-әрекет саласында қызметті жүзеге асыратын өзге де ұйымдар өткізетін мәжілістер мен кеңестерге қатысуға;

8) Қазақстан Республикасының Үкіметіне ведомстволық бағыныстағы

ұйымдарды, оның ішінде журналдарды, газеттерді және басқа да бұқаралық ақпарат құралдарын құру, қайта ұйымдастыру және тарату жөнінде ұсыныс енгізуге;

9) нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күреске ерекше үлес қосқан қызметкерлерді Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен марапаттауға ұсынуға;

10) Агенттіктің құзыретіне жататын мәселелер бойынша кеңестер, семинарлар, конференциялар және халықаралық симпозиумдар өткізуге;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

3. Агенттіктің мүлкі

13. Агенттіктің жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болады.

14. Агенттікке бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

15. Агенттіктің өзіне бекітіліп берілген мүлікті өз бетінше иеліктен шығаруға немесе өзге де тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

Агенттікке заңнамада белгіленген жағдайларда және шектерде мүлікке

билік ету құқығы берілуі мүмкін.

4. Агенттіктің қызметін ұйымдастыру

16. Агенттікті Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын Төраға басқарады.

Төрағаның өзінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын екі орынбасары болады.

17. Төраға Агенттіктің қызметін ұйымдастырады және оған басшылық жасайды және агенттікке жүктелген міндеттердің орындалуы мен оның өз функцияларын жүзеге асыруы үшін жеке жауаптылықта болады.

18. Агенттіктің төрағасы осы мақсатта:

1) өзінің орынбасарлары мен Агенттіктің құрылымдық бөлімшелері басшыларының өкілеттігі мен міндеттерін белгілейді;

2) Агенттіктің құрылымдық бөлімшелерінің құрылымын, штат кестесін және олар туралы ережелерді бекітеді;

3) заңнамаға сәйкес Агенттіктің қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

4) заңнамада белгіленген тәртіппен Агенттіктің қызметкерлерін

көтермелеу, оларға материалдық көмектер көрсету мәселелерін шешеді және тәртіптік жаза қолданады;

5) Агенттіктің бұйрықтарына қол қояды;

6) мемлекеттік органдарда, өзге де ұйымдарда Агенттікті білдіреді;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

19. Орынбасарлар өздеріне Төраға жүктеген функцияларды орындайды, Төраға болмаған кезде оның міндеттерін Төраға уәкілеттік берген орынбасарлардың бірі орындайды.

20. Агенттік төрағасының жанынан сандық және жеке құрамын Агенттіктің төрағасы бекітетін консультативтік-кеңесші орган - алқа құрылады.

5. Агенттікті қайта ұйымдастыру және тарату

21. Агенттікті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2000 жылғы 6 мамырдағы

№ 677 қаулысына

1-қосымша

Штат санының лимиті қысқартылатын және
Қазақстан Республикасының Нашакорлыққа және есірткі
бизнесіне қарсы күрес жөніндегі агенттігіне берілетін
мемлекеттік органдардың
ТІЗБЕСІ

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі	- 2 адам
Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі	- 1 адам
Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі	- 1 адам
Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі	- 1 адам
Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің Мәдениет комитеті	- 1 адам
Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі	- 1 адам
Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігі	- 1 адам
Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті	- 1 адам

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2000 жылғы 6 мамырдағы

№ 677 қаулысына

2-қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір күші жойылған
шешімдерінің
ТІЗБЕСІ

1. "Қазақстан Республикасының Есірткі заттарға бақылау жасау жөніндегі мемлекеттік комиссиясын құру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 5 желтоқсандағы № 1367 Р941367_ қаулысы.

2. "Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 5 желтоқсандағы № 1367 қаулысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 24 ақпандағы №

2 0 4

қ а у л ы с ы .

3. "Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 5 желтоқсандағы N 1367 қаулысына өзгертулер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 12 тамыздағы N 996 P960996_ қаулысы.

4. "1997-1998 жылдарға арналған есірткіні теріс пайдалануға және заңсыз таратуға қарсы іс-қимыл жасаудың кешенді шаралары" жөніндегі үкіметтік мақсатты бағдарлама туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 5 наурыздағы N 305 P970305_ қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1997 ж., N 12, 81 - құжат).

5. "Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 5 желтоқсандағы N 1367 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 12 маусымдағы N 952 P970952_ қаулысы.

6. "Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 5 желтоқсандағы N 1367 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 12 қаңтардағы N 6 P980006_ қаулысы.

7. "Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 алғы 5 желтоқсандағы N 1367 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 6 тамыздағы N 748 P980748_ қаулысы.

8. "Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 5 желтоқсандағы N 1367 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 24 сәуірдегі N 468

P 9 9 0 4 6 8 _

қаулысы.

9. "Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 5 желтоқсандағы N 1367 қаулысына толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 сәуірдегі N 483

P 9 9 0 4 8 3 _

қаулысы.

10. "Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 5 желтоқсандағы N 1367 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 20 шілдедегі N 1004

P 9 9 1 0 0 4 _

қаулысы.

Оқығандар:
Қобдалиева Н.М.
Орынбекова Д.К.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК